

## Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 26 қарашадағы № 4939 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 24 желтоқсанда № 4375 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 4829 қаулысымен

**РҚАО ескертпесі:**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 11.01.2016 № 4829 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квотасы белгіленсін.

2. Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін үш процент мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін.

3. Интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына үш процент мөлшерінде квотасы белгіленсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Ж. Шынтасовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ҚАЛА ӘКІМІ

М. ЖАЙЫМБЕТОВ